

**«КазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ
2024 жылдың бірінші тоқсандағы өндірістік нәтижелер**

Астана, 2024 жыл 17 мамыр – «КазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі – ҚМГ, Компания), Қазақстанның ұлттық мұнай-газ компаниясы, 2024 жылдың бірінші тоқсанына арналған өндірістік нәтижелерін жариялайды.

2024 жылдың бірінші тоқсанына арналған негізгі өндірістік көрсеткіштер 2023 жылдың бірінші тоқсанымен салыстыра отырып:

- Мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі 1,7% өсіп, 6 064 мың тоннаны құрады;
- Мұнай тасымалдау көлемі 14,2%-ға ұлғайып, 21 541 мың тоннаны құрады;
- Қазақстандық және румыниялық МӨЗ-де көмірсутек шикізатын (КСШ) өңдеу көлемі 4 936 мың тоннамен салыстырғанда 4 626 мың тоннаны құрады.

	2024 ж. 1-тоқсан (ҚМГ үлесіне)	2023 ж. 1-тоқсан (ҚМГ үлесіне)	%
Мұнай өндіру, мың тонна	6 064	5 961	+1,7%
Газ өндіру, млн м ³	2 522	2 410	+4,6%
Мұнай тасымалдау, мың тонна	21 541	18 858	+14,2%
Мұнай өңдеу, мың тонна	4 626	4 936	-6,3%

Өндірістік көрсеткіштер егер басқаша көрсетілмесе, бірлескен және қауымдасқан компаниялардағы ҚМГ-ның иелену үлесіне және 100% шоғырландырылатын еншілес ұйымдардың көрсеткіштеріне сәйкес берілген. Есеп көрсеткіштері мен нәтижелері дөңгелектеу арқылы көрсетілген. Сонымен қатар, кезеңдерді салыстыру кезінде мәндер жуықталмай нақты қолданылды. Компания пікірінше, дөңгелектеуге қатысты кез келген ықтимал түзетулер операциялық нәтижелерге материалдық тұрғыдан әсер етпеуі керек.

Көмірсутек шикізатын өндіру

2024 жылдың бірінші тоқсанында ҚМГ мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі 1,7% артып, 6 064 мың тоннаға (тәулігіне 503 мың барр.) жетті. Ілеспе және табиғи газ өндіру көлемі (кері айдау көлеміне дейін) 4,6%-ға, 2 522 млн м³ дейін ұлғайды.

Мұнай мен конденсат өндіру, мың тонна	2024 ж. 1-тоқсан (ҚМГ үлесіне)	2023 ж. 1-тоқсан (ҚМГ үлесіне)	%
Өзенмұнайгаз	1 233	1 255	-1,8%
Маңғыстаумұнайгаз	768	769	-0,2%
Ембімұнайгаз	682	658	+3,7%
Теңіз	1 500	1 469	+2,1%
Қашаған	780	794	-1,7%
Қарашығанақ	291	281	+3,5%
Өзгелері	812	735	+10,4%
Жиыны	6 064	5 961	+1,7%

Теңізде мұнай өндіру 2,1% ұлғайды және 1 500 мың тоннаны (тәулігіне 132 мың барр.) құрады. Ілеспе газ өндіру 839 млн м³ құрап, 3,4%-ға өсті. Өндіруді ұлғайту ұңғымалардың жоғары өнімділігіне, екінші буын зауыттарының және технологиялық желілер кешенінің сенімді жұмысына, сондай-ақ зауыттардың өнімділігіне әсер ететін қолайлы қоршаған орта температурасына байланысты.

Қашағандағы мұнай өндіру көлемі 1,7%-ға төмендеп, ҚМГ үлесіне 780 мың тоннаны (тәулігіне 68 мың баррель) құрады. Төмендеу ілеспе газды кері айдау және өңдеу қуатының шектелуіне байланысты. Газ өндіру көлемі 501 млн м³ құрады, бұл 2023 жылдың бірінші тоқсанындағы көрсеткішке сай келеді.

Қарашығанақта мұнай мен конденсат өндіру көлемі 3,5%-ға ұлғайып, 291 мың тоннаны (тәулігіне 25 мың баррель) құрады. Газ өндіру 13,0%-ға артып, 638 млн м³ құрады. Өндірістің өсуі Орынбор газ өңдеу зауыты тарабынан шикі газды қабылдау мүмкіндігін қалпына келтіруімен түсіндірілді.

Операциялық активтердегі мұнай мен конденсат өндіру көлемі 2,2%-ға, 3 494 мың тоннаға (тәулігіне 279 мың барр.) дейін артты. Өсу көбінесе өткен жылдың қарашасында Доңға кен орнының 60% үлесін сатып алу есебінен болды. 2023 жылдың аяғында іске қосылған Батыс Қазақстан облысындағы Рожков газ конденсатты кен орнын («Урал Ойл энд Газ» ЖШС, ҚМГ үлесі – 50 %) өнеркәсіптік пайдаланудың арқасында газ өндіру 2,4%-ға, 543 млн м³ дейін артты.

Мұнай тасымалдау

Мұнайды магистральды және теңіз арқылы тасымалдаудың жалпы көлемі 14,2%-ға, 21 541 мың тоннаға дейін ұлғайды.

Мұнай тасымалдау ¹ , мың тонна	2024 ж. 1-тоқсан (100%)	2024 ж. 1-тоқсан (ҚМГ үлесіне)	2023 ж. 1-тоқсан (ҚМГ үлесіне)	%
ҚазТрансОйл	11 379	11 379	10 348	+10,0%
Қазақстан-Қытай құбыры	4 768	2 384	2 322	+2,7%
МұнайТас ²	1 473	751	707	+6,2%
Каспий құбыр консорциумы	17 195	3 568	3 387	+5,3%
Қазақтеңізкөлікфлоты	3 460	3 460	2 094	+65,2%
Жиыны	-	21 541	18 858	+14,2%

¹ Мұнай көлемдерінің бөлігі екі немесе үш құбыр компанияларымен тасымалдануы мүмкін және тиісінше осы көлемдер мұнайды тасымалдаудың шоғырландырылған көлемінде бір реттен артық ескеріледі.

² МұнайТас – үлестік әдіспен шоғырландырылатын бірлескен кәсіпорын, осыған байланысты тасымалдау көлемі 51% иелену үлесіне сәйкес көрсетілген.

Мұнайды магистральды құбырлар арқылы тасымалдау көлемі 7,9% ұлғайып, 18 081 мың тоннаны құрады. Бұл Еуропаға экспорттық мұнай көлемін тасымалдаудың артуы, сондай-ақ мұнай транзиті мен Ақтау портынан мұнайды жөнелту көлемінің ұлғаюы есебінен көбейді.

Есепті жылы мұнайды теңіз арқылы тасымалдаудың жалпы көлемі Жерорта және Каспий теңіздеріндегі көлемдердің өсуі арқасында 65,2%-ға, 3 460 мың тоннаға дейін артты. Бұл ретте Жерорта теңізінің акваториясында тасымалдау көлемдерін арттыру көбінесе Баку-Тбилиси-Джейхан мұнай құбыры арқылы тасымалданатын әзербайжандық мұнайдың есебінен болды, Каспий теңізіндегі көлемдердің ұлғаюы Ақтау порты – Махачкала порты

және Ақтау порты – Баку порты бағыттары арқылы тасымалдау көлемдерінің өсуімен байланысты.

Көмірсутек шикізатын өткізу

ҚМГ өзі өндірген мұнай мен газ конденсатын өткізу көлемі 3,2% ұлғайып, 6 124 мың тоннаны құрады, солардың ішінде 64,6%-ы экспортқа жеткізілді.

Ішкі нарықтың қажеттіліктерін жабу үшін меншікті өндірілген мұнай мен газ конденсатын ішкі нарыққа жеткізу көлемі 2 165 мың тоннаны құрады, оның ішінде мұнайды одан әрі өңдеу және мұнай өнімдерін өткізу үшін Атырау мұнай өңдеу зауытына (АМӨЗ), Шымкент мұнай өңдеу зауытына (ПҚОП) және Павлодар мұнай-химия зауытына (ПМХЗ) операциялық активтердің (Өзенмұнайгаз, Ембімұнайгаз, Қазақтүрікмұнай және Өріктау Оперейтинг) шикі мұнайын 1 455 мың тонна көлемінде жеткізу.

Көмірсутек шикізатын өңдеу

Көмірсутек шикізатын өңдеу, мың тонна ¹	2024 ж. 1-тоқсан (ҚМГ үлесіне)	2023 ж. 1-тоқсан (ҚМГ үлесіне)	%
АМӨЗ	1 426	1 410	+1,2%
ПМХЗ	1 477	1 466	+0,8%
ПҚОП	676	644	+5,0%
Caspi Bitum	43	63	-31,7%
Петромидия	943	1 279	-26,2%
Вега	61	76	-19,9%
Жиыны	4 626	4 936	-6,3%

¹ ПҚОП және Caspi Bitum өңдеу көлемі 50% үлес бойынша, қалған зауыттарда 100% көрсетілген.

2023 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда КСШ өңдеудің жалпы көлемі 6,3%-ға азайып, 4 626 мың тоннаны құрады.

Қазақстанның мұнай өңдеу зауыттарында көмірсутек шикізатын өңдеу көлемі 1,1% артты және көбінесе ПҚОП-тың өңдеу көлемі есебінен 3 622 мың тоннаны құрады. Бұл ретте битум өндіруге өтімдердің азаюына байланысты Caspi Bitum өңдеу көлемдерінің төмендегені байқалады.

Румыниядағы KMG International (Петромидия, Вега) зауыттарындағы өңдеу көлемі 25,9% азайып, 1 004 мың тоннаны құрады. Өңдеу көлемінің қысқаруы жеңіл гидрокрекинг қондырғысының кеш іске қосылуына, сондай-ақ зауыттың есепті жылдың наурыз айының бірінші жартысынан бастап күрделі жөндеуге тоқтауына байланысты болды.

Қазақстандық және румындық зауыттарда мұнай өнімдерін өндіру көлемі 5,6% төмендеп, 4 327 мың тоннаны құрады.

Қазақстанның мұнай өңдеу зауыттары 3 305 мың тонна мұнай өнімдерін өндірді, бұл 2023 жылдың бірінші тоқсанындағы көрсеткіштерден 1,2% көп.

KMG International (Петромидия, Вега) зауыттары кәсіпорындардағы өңдеу көлемінің тиісті төмендеуіне байланысты бір жыл бұрынғы 1 318 мың тоннамен салыстырғанда 22,4%-ға аз, 1 022 мың тонна мұнай өнімдерін өндірді.

Толығырақ ақпарат сілтеме бойынша қолжетімді: <http://www.kmg.kz/>

Байланыс:

ir@kmg.kz

тел: +7 7172 78 64 34

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ туралы:

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ – Қазақстанның вертикалды интеграцияланған жетекші мұнай-газ компаниясы. ҚМГ көмірсутектерді барлау мен өндіруден бастап тасымалдауға, өңдеуге және мамандандырылған қызметтер көрсетуге дейінгі бүкіл өндірістік цикл бойынша активтерді басқарады. 2002 жылы негізі қаланған Компания еліміздің мұнай-газ саласында Қазақстанның мүддесін қорғайды.

ҚМГ негізгі активтері:

Барлау және Өндіру: Өзенмұнайгаз (ӨМГ) – 100%, Ембімұнайгаз (ЕМГ) – 100%, Қазақтүрікмұнай (ҚТМ) – 100%, ҚазМұнайТеңіз – 100%, Өріктау (ӨО) – 100%, Доңға – 60%, Орал Ойл энд Газ (ООГ) – 50%, Маңғыстаумұнайгаз (ММГ) – 50%, Қазгермұнай (ҚГМ) – 50%, Қаражанбасмұнай (ҚБМ) – 50%, Қазақойл Ақтөбе (ҚОА) – 50%, ПетроҚазақстан Инк (ПҚИ) – 33%, Теңізшевройл (Теңіз) – 20%, Қарашығанақ – 10%, Қашаған – 16,88%.

Тасымалдау: ҚазТрансОйл – 90%, Қазақстан-Қытай құбыр жолы (ҚҚК) – 50%, МұнайТас – 51%, Батуми мұнай терминалы – 100%, Каспий Құбыр Консорциумы (КҚК) – 20,75%, Қазақтеңізкөлікфлоты – 100%.

Өңдеу және басқалары: ПМХЗ – 100%, АМӨЗ – 99,53%, ПҚОП – 49,72%, KMG International – 100%, Caspi Bitum – 50%, Петромидия – 54,63%, Вега – 54,63%, ҚазРосГаз – 50%, Қазақстан Петрокемикал Индастриз Инк. – 49,5%.